

## Тіркелген салық ставкаларының бірыңғай мөлшерін тағайындау туралы

### Күшін жойған

Қарағанды облысы Саран қаласы мәслихатының 15 сессиясының 2013 жылғы 15 ақпандағы N 159 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 13 наурызда N 2223 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2018 жылғы 17 мамырдағы № 278 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 17.05.2018 № 278 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Саран қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Саран қаласы мен Ақтас кентінде орналасқан салық салынатын объектілер бірлігіне тіркелген салық мөлшерлемесінің көлемі қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешім қабылдануына байланысты, 2010 жылғы 23 желтоқсандағы "Белгіленген салық ставкаларының бірыңғай мөлшерін және бір жолғы талондар құнын тағайындау туралы" N 518 шешімінің күші жойылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-7-116, 2010 жылы 30 желтоқсанда, 2010 жылы 31 желтоқсандағы N 42 "Саран газеті" газетінде жарияланған).
3. Осы шешімнің қабылдануына байланысты, Саран қалалық мәслихатының 2011 жылғы 22 желтоқсандағы 44 сессиясының "Саран қалалық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы 32 сессиясының" Белгіленген салық ставкаларының бірыңғай мөлшерін және бір жолғы талондар құнын тағайындау туралы" N 518 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" N 677 шешімінің күші жойылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінің тіркеу номірі 8-7-131, 2012 жыл 20 қаңтар, "Спутник" газетінде 2012 жылы 8 наурызда N 10 жарияланған).

4. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткеннен соң, алғаш ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

К. Абзалиева

Р. Бекбанов

Саран қалалық мәслихатының  
2013 жылғы 15 ақпрандағы  
15 сессиясының N 159 шешіміне  
қосымша

## **Жеке қызмет түрлеріне салық салу объектісінің бірлігінен тіркелген жыныстық салығының базалық ставкаларының мөлшері**

N	Салық салынатын объектінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіштерімен)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ақшалай ұтысы жоқ ойын автоматы	6
2	Көп ойыншының катысуымен ойын өткізуге арналған ақшалай ұтысы жоқ ойын автоматы	9
3	Ойынға арналған дербес компьютер	2
4	Ойын жолдары	44
5	Карта	6
6	Бильярд үстелі	7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК